

10.01.03 - Шет елдер әдебиеті (қазақ әдебиеті) шифры бойынша  
филология гылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған  
**Кожабаева Динара Абылайқызының**  
**«Қазақ әдебиетінде Желтоқсан оқиғасының көркем бейнеленуі»**  
**тақырыбындағы диссертациясына гылыми жетекшіш**  
**ПКІРІ**

Кожабаева Динара диссертациялың жұмыстың дайындың кезеңін жауапкершілікпен атқарды. Желтоқсан тақырыбында жазылған шыгармалармен толық танысып, ол шыгармалар жайындағын синрецензиялармен және гылыми зерттеулермен қатар, әдебиет жанрының ерекшеліктеріне арналған теориялың еңбектерді де менгерді. Соны бағыт, құнды пайымдауларымен, нақты гылыми ой-тұжырымдарымен танымал болған ғалымдардың зерттеулерш әдіснамалық тұрғыда басшылыщна алды. Ақын-жазушылардың шыгармаларындағы талдауга негіз болатын жанрлың ерекшелік пен көркемдік құралдарды сарапап, оларды жүйеледі. Нәтижесінде келісілген жоспар бойынша жұмысты сәтті жазып, аяқтады.

Кіріспеде гылыми жұмыстың жалпы сипаттамасы, тақырыптың өзектілігі, басқа да гылыми жұмыстармен байланысы, мақсаты мен міндеттері, гылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы жөнінде аңпарат берілген.

Тақырыпты тольғаш ашу мақсатында зерттеу жұмысы үш тарауға бөлінді. Алғашқы тарау екі тараушадан, екінші тарау үш тараушадан, соңғы тарау бір тараушадан тұрады.

«Поэзия жанрындағы Желтоқсан көтерілісінің суреттелу ерекшеліктері» деп аталатын алғашқы тарау желтоқсаншы ақындар шыгармашылығындағы күрескерлік рух пен лирикалық пафосты көрсетуге бағытталған. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезінде дүниеге келген эн өлеңдері мәтінінің рухани қуаты да арнайы қараптырылған.

Екінші тарау «Қазақ прозасындағы Желтоқсан көтерілісінің көркем бейнеленуі» деп аталады. Тарауда проза жанрындағы зерттеу тақырыбына қатысты әңпме, повесть, романдардың көркемдік әлемі, тарихи кезең шындығын, алаңдагы көріністі, оқиғаның себеп-салдарларымен сабактастыра отырып, оқиғаның қыр-сырын, өзіндік ерекшеліктерін ашу, қаһармандық образдар сомдау, заман бейнесін жасау тұрғысынан сөз етіледі.

«Желтоқсан тақырыбындағы драмалық шыгармалардың көркем шешімі» атты үшінші тарауда Желтоқсан тақырыбын арқау еткен драмалың шыгармалардағы тартыстың ұлттық және әлеуметтік сипаты талданады.

Қорытынды бөлімде жұмыстан алынған непзп түйіндеулер мен тұжырымдар берілген. Пайдаланылған әдебиеттердің құрамында теориялың еңбектер мен әдебиет тарихына арналған зерттеулер де жеткілікті деңгейде қамтылған.

Жұмыстың басты ерекшелігі: Желтоқсан тақырыбындағы жазған қазақ қаламгерлерінің барлық шыгармаларына ортан көркемдік құрылымның ең бастылары (тақырып, идея және пафос) айқындалған; үш жанрдағы тарихи

шындықты көркем шындыққа айналдырудағы идеялық-көркемдік ізденістер ашып көрсетілген, қазақ ақын-жазушылары Желтоқсан қасіретінің себебі мен салдарын бейнелеуде талап деңгейінен табылғандығын нақты мысалдар арқылы дәлелденген. Жұмыстың басты жаңашылдығы Желтоқсан тақырыбында жазылған алғашқы кандидаттық диссертация екендігінде.

Диссертация жазу барысында саралау, салыстыру, талдау, жүйелеу, баяндау тәсілдері сәтті қолданыс тапқан. Ізденуші жұмысты жазу барысында өзінің ғылыми ойлауға бейімдігін, шығарма талдауға қабілеттілігін, ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, тақырыпқа қатысты түйінді тұстарын дұрыс айқындағы білетіндігін және ғылыми тақырыбына қатысты материалдарды барынша қамтығанын көрсетті.

Д.А.Қожабаеваның «Қазақ әдебиетінде Желтоқсан оқиғасының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының толық аяқталғандығын ескере отырып, оны диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынамыз.

Ғылыми жетекші:

ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор

Кадр  
Қызымет

Б.Ж.Омаров



23.05.2023